



№1 «Ақерке» балабақшасының
меңгерушісі: Г.Жусупова



Өткізілген іс-шаралар “Ақжелкен” ересек тобы


Тәрбиешілер: Ахметова А
Сермаханова Ғ

2025-2026 оқу жылы

№1 «Ақерке» тәрбиелік-балабақшасының
меңгерушісі: *Г.Жусупова*



“30 тамыз-Конституция күні”



«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиеші: Сермаханова Ғалия

2025-2026 оқу жылы

30 Тамыз – Конституция күні

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд.

Әдіс - тәсілі: Түсіндіру, сұрақ - жауап, әнұран, би, ойын.

Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады:

Амансың ба, көк аспан!

Амансың ба, жер - ана!

Амансың ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Жүргізуші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

- Арайлаған танды сүйетін кім?

- Алтын сәулені сүйетін кім?

- Жарқын даланы сүйетін кім?

- Туған жерді сүйетін кім?

- Ата - ананы сүйетін кім?

- Досын сүйетін кім?

- Еліміздің болашағы кімдер?

Жүргізуші: - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Елдігімнің – реңі,

Тендігімнің – тірегі,

Мүддесінен халықтың

Ажырамас бір елі.

Алтын заңым – арай таңым!

Балаларға конституция кітабының суретін көрсетеді.

Жүргізуші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар.

Мемлекеттің барлық азаматтары - үлкендерде, балалар да - мемлекетті рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс.

Өз еліңнің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстанның елордасы қай қала?

- Президентіміз кім?
- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?
- Балалар сендер рәміздер туралы білесіңдер ме?

Жүргізуші: Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай үстінде қазақ үй
Қалықтаған жас сұңқар.
Шарықтаған таза күн
Бұл таңбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.

Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші: Отан туы желбіреп,
Көз тартады құбыла.
Біз қараймыз елжіреп,
Туған жердің туына.
Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші: Әнұраным - жан ұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім.
Туған жерім сағынарым,
Мәңгі - бақи шырқалады,
Республика әнұраны.

Балаларға әнұран айтуды ұсынады.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.
Қимылды ойын «Киіз үй»
Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаншылар.
Керегелер керіліп,
Өрімдей боп өрілер,
Бәріміз жүрсек айналып,
Киіз үй боп көрінер.

Слайд көрсету.
Қыздардың орындауында «Қамажай» биі.

Жүргізуші: Конституция күні баршамызға құтты болсын!

Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып
«Конституция күні» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз



30 тамыз КОНСТИТУЦИЯ күні









1 қыркүйек білім күні



«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балалық бақшасының

меңгерушісі: Т.Жусупова Т.Жусупова



“Тілім менің-тірегім!”



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
«QAZAQ TILI»
ҚОҒАМЫ



«QAZAQ TILI»
INTERNATIONAL
SOCIETY



«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиеші: Сермаханова Ғалия

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Тілім менің- тірегім!»

Мақсаты: Балалардың ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып танымдық қабілетін арттыру. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд көрсетіледі. Еліміздің рәміздері. Үш би.

Әдіс - тәсілдер: Аралас, түсіндіру, сұрақ - жауап, қорытынды.

Тәрбиеші: Балалар бүгін ерекше күн екен. Біздің іс - әрекетімізге көптеген қонақтар келіпті. Олай болса алдымен амандасып алайық.

Арайлап таң атты

Алтын шуақ таратты

Қайырлы таң балалар

Қайырлы таң апайлар

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату - тәтті доспыз, Кәне бір - бірімізге деген достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

Балалар: Күніміз жарық болсын

Аспанымыз ашық болсын

Деніміз сау болсын

Еліміз тыныш болсын

Досымыз көп болсын

Балабақшамыз жайнай берсін

Нанымыз көп болсын

Тәрбиеші: Иә, балалар осындай жақсы көңіл - күйімізбен орындарымызға жайғасайық.

Балалар, бір аптада неше күн бар?

Балалар: Жеті күн бар

Тәрбиеші: Аттарын атап айтайықшы?

Балалар: Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Тәрбиеші: Қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Күз мезгілі.

Тәрбиеші: Күз мезгілі неше айдан тұрады?

Балалар: Үш айдан

Тәрбиеші: Аттарын атап айтайықшы?

Балалар: Қыркүйек, қазан, қараша

Күз мезгілінің ерекшеліктері күн суытады, адамдар жылы киіне бастайды, ағаштар жапырағы сарғаяды жерге түсе бастайды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар.

Білім беру саласы: Қатынас. Ұйымдастырылған іс - әрекет: Тіл дамыту.

Тақырыбымыз: Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз.

Ғажайып сәт: Есік қағылады. Балалар бізге шет мемлекеттен қонақ келді. Оның арманы біздің еліміз туралы көп білгісі келеді екен.

Қонақ: Сәлеметсіздер ме, балалар. Балалар бұл қай мемлекет!

Балалар: Қазақстан Республикасы.

Қонақ: Бұл мемлекеттің бас қаласы қай қала?

Балалар: Астана қаласы

Қонақ: Мен сендердің мемлекеттерің туралы толығырақ білем деп отырмын. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

Балалар: Иә, көмектесеміз.

Қонақ: ҚР елбасы кім?

Балалар: Біздің елбасымыз Н. Ә. Назарбаев

Қонақ: Сіздердің ұлттарыңыз кім?

Балалар: Біздің ұлтымыз қазақ.

Қонақ: Сіздер қай тілде сөйлейсіңдер?

Балалар: Біз қазақ тілінде сөйлейміз.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Біздің мемлекеттік тіліміз қазақ тілі.

Біз бәріміз бір - бірімізбен қазақша сөйлесеміз. Елбасымыз Н. Ә.

Назарбаевтың 1998ж 20 қаңтардағы жарлығына сәйкес 22 қыркүйек

«Қазақстан халықтарының тілдері» күні мерекесі болып аталып келеді.

Біздің Республикамызда 120 - дан астам әр ұлтың ұл - қыздары тату - тәтті ынтымақтастықпен жемісті еңбек етеді.

Тәрбиеші: Көне, балалар біз қонағымызға мемлекетіміздің әнұранын айтып берейік.

Балалар: Ән ұран орындайды.

Тәрбиеші: Ана тілі туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Азамат: Ана тілің біліп қой

Еркіндігің теңдігін

Ана тілің біліп қой

Мақтанышым елімнің

Сезім: Сүйесің өз тіліңді

Боласың білімді

Өз кілтіңді үйретер

Өнерді де, ғылымды

Ардақта тіліңді

Сабыржан: Жанымнан қымбат

Ана тілім маған

Ана сөзден тыңдап

Үлгі өнеге алам

Расул: Қазақ тілім өз тілім, ана тілім

Абай Мұхтар сөйлеген дана тілім

Қастерлейді ұл - қызын мәңгі сені

Болашағым, бақытым, дара тілім.

Нұрәли: Ана тілім – анам
Аппақ қардай арым
Мұра еткен бабам
Жарқыраған жарым

Ислам: Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған

Айсезім: Ана тілім - тірегім
Ана тілім - жүрегім
Қасиетті елімнің
Тек өзің деп білемін

Жаннұр: Ана тілім елдігім
Ана тілім ерлігім
Тілді биік құрметтеп
Тойлап жатыр ел бүгін







«Бекітемін»

№1 «Ақерке» Бөбеккей-балалықшасының
меңгерушісі: Г.Жусупова



*Мен Отаныммен
мақтанамын!*



«Ақжелекен» ересек тобы

*Тәрбиешілер: Сермаханова F
Ахметова А*

2025-2026 оқу жылы

"Менің Отаныммен мақтанамын!"

Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша, гүл, шарлар ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,
Тоқтамайды дүбір әні.
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші: :- Қасиетті Қазақстан мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, жерім, Отаным бақ - дәулетім,
Болашағым, өнер - білім, өркенім.- Балалардың орындауында "Туған елім - Қазақстан" әні шырқалады.

Ән: «Туған елім Қазақстан!»

I. Қарт Алатау, бұлтты күшқан,
Көгінде ту зулап ұшқан.
Менің жерім, туған Елім,
Құн сәулелі – Қазақстан! **2рет.**

II. Жерін самал, ескен майда,
Толқындаған егін жайда.
Далам менің, анам менің,
Туған елім – Қазақстан! **2рет.**

III. Күн елісін, гүлімдеген,
Гүл елісін, гүлі берен,
Мейіріманды ізгі жанды,
Туған жерім – Қазақстан! **2рет.**

й кезде ортаға саяхатшы кіріп келеді.

Саяхатшы: - Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Жүргізуші: - Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Саяхатшы: - Мен ел аралап жүрген саяхатшымын. Сынғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуші: - Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика ұлттық мекреке күніне арналған ертеңгілік өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Саяхатшы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар: - Қазақстан Республикасы.

Саяхатшы: Президенттерің кім?

Балалар: - Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саяхатшы: - Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: - Ашық аспандай көгілдір туымыз бар,

Мағыналы-ән ұранымыз бар,

Қасиетті бой тұмар елтанбамыз бар.

Саяхатшы: - Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

Жүргізуші: - Біздің балалар тапқатар арқылы айтып дәлелдиді.

Отаным менің Қазақстан Мәңгілік сенімен мақтанам Саянда жүрсем әрдайым Күлімдеп жүрем бақ табам. Отаным менің - Қазақстан, Ыстық қой сенің топырағын. Орманын, көлін, бау- бағын, Қастерлеген қазағым.	Отаным менің Қазақстан Қарызбын саған әрқашан Азаматтық борышты Өтеуге-мәңгі талпынам. Найзаның ұшымен қорғаған, Халқым менің мықты гой. Ата-бабам әрқашан, Сырт - дәстүрін сақтаған.	Отаным менің Қазақстан Атыңнан сенің айнатам Бас иіп саған өтемін Жасай бер жаса Қазақстан. Әрбір қазақ батыры, Желбіреткен көк туын. Кен байтақ жерге қазағым, Егін егіп, мал жайған.
---	---	---

Саяхатшы: - Жарайсыңдар балалар, өркендерің өссін, талаптарың оң болсын. Енді меніңде қайтатын уақытым болды. Сендерге тілейтінім білімді, ақылды, елін қорғайтын азамат болыңдар. Жігіттер ер жүректі батыр болсын, қыздар көрікті, еңлу сымбатты абыройлы болсын. Көріскенше сау болыңдар балалар!

Балалар: - Рахмет сізге Саяхатшы аға, сау болыңыз!

(Саяхатшы балалармен қоштасып шығып кетеді.)

Жүргізуші: - Балалар Мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Айтындаршы балалар біздің қазақтың киелі үйі қалай аталады?

Балалар: - Киіз үй деп айтамыз. *(кереге, уық, шаңырақ, ою басқан киіздер т.б.)*

Жүргізуші: - *-(киіз үйді көрсету)* Жарайсыңдар балалар, осы киіз үйіміздің кер-шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен се «Киіз үй» ойынын ұсынамын.

Ойын: «Киіз үй»

Жүргізуші:- Сән — салтанат жасайық,
Күйсандықты ашайық.
Бұл мереке, бұл тойға,
Бимен шашу шашайық – деп ортаға бөбекжай бақшамыздың биші
қыздарын шақырамыз.

Би: "Қазақша"

Жүргізуші:- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Отан – сенің ата - анаң, Отан – досың, бауырың Отан - өлкен, астанаң Отан – аудан, ауылың.	Отан – атам, Отан - әкем Осы сөзім қате ме екен? Қате болса неге біздер Дейміз оны атамекен.
---	---

Жүргізуші:- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсін»,- деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

- Ал, балалар, біз Отан туралы мақалдар білеміз бе?

Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.	Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді.
Отан от басынан басталады.	Отан оттан да ыстық, жалыны бар шоктан да ыстық.
Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.	Отансыздың оты жанбайды.
Отан үшін еңбек етсең халқыңның сүйген ұлы боласың.	Отан үшін күрес — елге тиген үлес.

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ!- _____ орындауында жеке ән "Мен бақытты баламын" әнін қабыл алыңыздар.

Жеке ән: "Мен бақытты баламын"

Жүргізуші:- Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз!-Сау болыңыздар!!!!

(Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)



«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі

Г.А. Аусупова



«Мен-Тәуелсіз елдің ұланымын»



«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Ахметова А
Сермаханова Г

2025-2026 оқу жылы

«Мен – Тәуелсіз елдің ұланымын!»

Кіріспе

(Әуен: баяу күй немесе «Тәуелсіздік тұғыры».)

Балалар қолдарына гүл немесе жалауша ұстап, шеңбер болып тұрады.

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Бүгін біз еліміздің ең қастерлі мерекесі – Тәуелсіздік күнін қарсы аламыз.

Бұл – біздің еркіндігіміздің, бірлігіміздің мейрамы.

1-бөлім: Балалардың тақпақтары

Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Жусупова Гүлжазира апайымызға береміз!

Хор: «Тәуелсіз ел ұраны»

Интерактивті тақтадан Тәуелсіздік туралы мағлұмат беріп өту.

Балалардың тақпақтары

Көзайым

Тәуелсіздік- тартуы ол тәңірдің,

Тәуелсіздік - маңдайдағы бағым бұл.

Тәуелсіздік - сыбағасы халөымның,

Тәуелсіздік – таймайтұғын тағым бұл.

Ясина

Тәуелсіздік- бабам берген аманат

Тәуелсіздік-келешектің кепілі.

Тәуелсіздік- жүрмін сені бағалап,

Тәуелсіздік-өткен күннің өтілі.

Сезім

Тәуелсіздік-тәубе екен бүгінде,

Тәуелсіздік- тәубе сенің барыңа.

Тәуелсіздік- әр сәбидің үйінде,

Тәуелсіздік-әр қазақтың жанында.

Жаннұр

Әр қазақтың есігінде сақталады,

Желтоқсандық өрендер ақталады.

Ел намысын қорғаған сарбаздарым,

Ерліктерің мәңгілік сақталады.

Айша

Көк байрағы көгінде,
Тектілігі тегінде
Бірлігімен тұтасып,
Жеткен азат өмірге
Тұғырлы елім, рухты.
Той боп жатыр терінде.

Нұрәли

Көк аспанда көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен тек,
Елдің ашық қабағы.

Мүсілім

Отан деген атамекен,
Отан деген туған жер
Отан-Ана, Отан үлкен,
Қазақстан туған ел!

Бектен

Он алтыншы желтоқсан,
Ел мерейі тасыған.
Қазақ деген қалың жұрт,
Бәрін кешті басынан.

Айәділ

Тәуелсіздік еліміз,
Мәңгі жасар жеріміз.
Тәуелсіздік жасаған,
Аға, әпкелеріміз.

«Асық» биі Ұлдар билейді

Ойын «Өз туыңды тап»

Жүргізуші суреттер қояды: парта бетінде әр ұлттың тұлалры тұрады. Сол тұлалрдың ішінен өз елінің туын тауып, сол туралы әңгімелеп береді.

— Бұл не?

— Бұл Тү!

— Мұнда не бейнеленген?

— Күн, қыран!

(Жеңіл әрі тәрбиелік ойын.)

Ән: «Елімнің ертеңгі иесі біз» Орындайтындар: Еркін Ясина және Теңелбай Айсезім

Би: «Торсық» биі. Билейтін қыздар

Көрініс «Рух» әні

Ән: « *Станови* » Еркін Ясина

Хор: «Күн сәулелі Қазақстан»

Жүргізушінің қорытынды сөзі

Тәуелсіздіктің нұрлы таңы ешқашан сөнбесін!

Балаларымыз аман, еліміз тыныш болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын!



«Бекітілген»
№1 «Ақерке» Бөбеккей-балабақшасының
меңгерушісі *М.Ахметова* Г.Жусупова



«Құтты болсын-Жаңа жыл!»



«Ақжелкен» ересек тобы

*Тәрбиешілер: Ахметова А
Сермаханова Г*

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Құтты болсын- Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, шыршаның қандай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аяз атаның, Ақшақардың, Қоянның киімдеріне назар аударту. Көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

Қатысушылар: Аяз ата, Ақшақар, қоян, клоун, балалар, ата-аналар.

Музыка ойнап тұрады.

Жүргізуші: Армысыздар, ата-аналар, аяулы ұстаздар! Сәлеметсіздер ме балалар! Сендер бүгін сәнді киініп, әдемі болып кетіпсіңдер, мына жерде орман аңдары да, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері де келіпті. Ал, бүгін балалар қандай мереке?

Балалар: Жаңа жыл.

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Жаңа жылдық ертеңгілігімізді ашудағы құттықтау сөзді балабақша меңгерушісі Гүлжазира Әлиқызына береміз.

Балалар бүгін біз жаңа жылды қарсы алуға жиналдық. Қараңдаршы, ортамызда әдемі шырша тұр. Келіңдер осы шыршаның қасында тұрып, ән салайық.

Ән: «Ормандағы шырша».

Жүргізуші: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп! Қане, балалар осы шырша туралы тақпақ білесіңдер ме?

Балалар: Ия

Жүргізуші: Олай болса тыңдайық.

Айсезім: Жасыл шырша орманнан

Бізге арнайы келіпті

Ойыншығын балалар

Шыршаға әсем іліпті.

Ислам: Тамаша, тамаша

Шыршамыз түр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса.

Сезім: Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз

Мүсілім: Жаңа жыл, Жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Жаннұр: Тамаша, тамаша

Шыршамыз түр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Расул: Дала нұр, қала нұр

Құтты болсын Жаңа жыл

Жасыл шырша жаныңда,

Билеп барлық бала жүр

Әлімжан: Сақалы аппақ күмістей

Тістері аппақ күріштей

Нұр жайнаған ажары

Сағындық аяз атаны

Жүргізуші: Жарайсыңдар бәрекелді! Қараңдар балалар, шыршаның астында бір нәрсе тұр! Сыйлықтар! Сыйлық алу қандай тамаша! Келіңдер балалар сыйлықты ашып көрейік! (қорапша ішінен клоун шығады).

Клоун: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін! Мені ораудан алып шыққандарың қандай жақсы болды! Ол жерде тәр әрі қарғаңғы екен! Ал мұнда қандай тамаша! Менде сендермен жаңа жылды қарсы алайыншы, сендермен бірге қызықты ойын ойнасам болама?

Балалар: Ия

Ойын: «Кім тез пиманы киеді?»

Жүргізуші: Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балалар бар, бірақ бізге жаңажылдық мерекемізге кім жетпейді?

Балалар: Аяз ата, Ақшақара

Жүргізуші: Кәне, бәріміз бір дауыспен айқайлап Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық! (Аяз ата деп айқайлағанда ішке қоян келеді)

Қоян: Ойбай, түрлерін қара! Неге тамақтарыңды жыртып жатсыңдар?

Жүргізуші: Ал сен неге амандаспайсың? Әдепті адам алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?

Қоян: Білсем бұйырмасын.

Жүргізуші: Мұны тіпті мына бүлдіршіндеріміз біледі. Ал саған тіпті ұят. Саған ешкім үйреткен жоқ па?

Қоян: Жоқ.

Жүргізуші: Сен өзі мұнда қайдан шықтың? Біз Аяз атаны шақырған едік қой.

Қоян: Ал мені неге мерекеге шақырмайсыңдар? Аяз ата сендерге бәрібір келмейді. Өйткені, мен ормандағы жол көрсететін белгіні алып тастадым. Енді ол жол таба алмайды.

Жүргізуші: Неге олай еттің? Аяз атасыз қандай жаңа жыл өтпен?

Қоян: Онда сендер мені жаңа жыл мерекесіне қатырсаңдар, мен жол көрсетемін. Белгіні орнына қойып қояр едім.

Жүргізуші: Жақсы жарайды. Бір қателігіңді кешіреміз. Ал, сен қоян білесің бе? Біздің балаларымыз ақылды екені сонша, тіпті сен туралы әнде біледі. Сен тыңда, саған арнап ән айтайық.

Ән: Ұзын құлақ сұр қоян.

Қоян: Ой жарайсыңдар, рахмет сендерге. Сендер мені кешіріңдерші я балалар! (осы кезде бораңның гүі естіліп, қоян тоңа бастайды. Шыршаның астына тығылады.) Алыстан аяз атаның даусы естіледі.

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін. Шақырайық, қол соғайық, болған қиындықтарды ұмытайық.

Балалар: Аппақ тоңға оралып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып.

Аяз ата, Ақшақар!

Аяз ата: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Күнтізбеде қалыпты жалғыз ғана бір парақ

Дайындалдым жыл бойы

Қуаныш сыйлау балаға

Одан зор бақыт бола ма?

Сендерді көргеніме сондай қуаныштымын. Балалар мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Қане, сиқырлы сөздерімізбен шамдарын жарқыратайық. Балалар хормен: Қуант бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат.

Жүргізуші: Аяз ата, сіз шаршаған шығарсыз, балалар сізге әндерін айтып берсін, сәл тынығып алыңыз.

Ән: Аяз ата

Аяз ата: Ой қандай жақсы. Балалар сендер тақпақ та айта аласыңдар ма?

Алмаз: Аспан жерге төгеді

Ақ күмісін ұыстап

Жаңа жылда келеді

Бізге қарай жылыстап.

Ясина: Жаңа жылдың есігін

Ащы тәтті несібін

Ашып берер ақсақал

Аяз ата есімі.

Ахмет: Даламызға, қаламызға

Жаңа жыл келіп кіреді

Қартыңызға, жалпыңызға

Жалынды сәлем береді

Сабыржан: Көрдің бе Аяз атаны

Аппақ екен сақалы.

Аппақ екен мұрты да

Аппақ екен шапаны

Нұрәли: Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жанашыр

Ата - әже, әке - ана.

Құтты болсын Жаңа жыл

Арсен: Бүгін біз көңілдіміз

Жаңа жылды қарсы алып

Мерекеге келгендерді

Құттықтаймыз ән салып

Аяз ата: Бәрекелді, бәрекелді!

Ақшақар: Балалар, бізге көрсетер тағы қандай өнерлерің бар?

Жүргізуші: Ой аяз ата, ақшақар, біздің балалар тақпақтарын есіне түсіре алмай тұр, бірақ би билеуден қалыс қалмайды. Сүйкімді балалардың биін бірге тамашалайық.

Би: Раз ладошки

Аяз ата: Жарайсыңдар! Ақшақар қызым тақпақ айтқан балаларға сыйлық берейік.

Ақшақар: Көңілсіз бір бала жоқ

Ойын күлкі таралсын

Құтты болсын, құтты болсын Жаңа жыл!

Ағылшын тілінде би: Happy new year.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар ата аналар! Осымен біздің «Құтты болсын Жаңа жыл» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Жаңа жыл жаңа бақыт, табыс, шаттық сыйласын! Бақытты болайық, бай болайық, келер жылы кезіккенше аман-сау болайық!



«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-бағанадағы балалар бағдарламасының

меңгерушісі: *Турсун*



«Саңырауқұлақтың саясында» ертегісі



«Ақжелекен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Ахметова А
Сермаханова Г

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Саңырауқұлақтың саясында»

Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, достыққа, бір-біріне көмектесуге, мейірімділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу; тыңдау, түсіну және сөйлеу дағдыларын дамыту.

Жүргізуші: Жаңбыр жауып таңменен,

Самал желде еседі.

Алаңқайда саңырауқұлақ,

Өскен екен кешегі.

Тентек жаңбыр қоймайды,

Саңырауқұлақпен ойнайды.

Гүлдерде өскен әдемі,

Жәндіктер қамын ойлайды.

Келеді әне құмырсқа,

Тығылуға қуысқа.

Енді сонда тұрады,

Саңырауқұлақ үйі болады.

Құмырсқа: Жаннұр

Жаурадым мен шаршадым,

Саңырауқұлақ қорғаным.

Пана болсаң сен маған,

Басылар менің тоңғаным.

Тек өзіме орын жетер

Ішінде аяғым кебер.

Көбелек: Көзайым (ұшып келеді)

Достым менің құмырсқа,

Халың қалай дұрыспа.

Менде жағдай мәз емес,

Орын бар ма қуыста.

Үйім болмай жаурадым,

Қалды менің қанатым.

Екеуге орын жетер

Қанатым менің кебер.

Құмырсқа:Жаннұр

Менің өзім әрең сыйдым

Қайда сенің үйің,

Көбелек: Көзайым

Қане, екеуіміз дос болайық.

Құмырсқа: Жарайды кел.

Бектен Тышқан:

Кіргізіңдерші мені де,

Үстім су болып қалды.

Үшеуге орын жетер,

Менің құйрығым кебер.

Құмырсқа:Жаннұр

Кіргізер ем қуана

Мұнда саған орын бар ма?

Бектен Тышқан:

Бір қырыңмен тұрсаң да,

Мүмкін орын табылар.

Көбелек: Көзайым Жарайды, кел.

Ислам Торғай:

Еңбек етіп күнімен,

Ұшып жүрмін аспанда.

Орын бар ма мен үшін,

Тек бір сағатқа.

Құмырсқа:Жаннұр Кіргізер ем қуана,

Мұнда саған орын бар ма?

Көбелек: Көзайым

Мұнда саған орын табылады.

Кел бірге тұрайық.

Жүргізуші:

Қорқақ қоянды олар,

Құтқаруға тырысады.

Сезім Қоян:

Қашып келдім орманнан,

Қу түлкі тұр артымда.

Мені де тыға тұрыңдаршы,

Жеп қояды аяңдаршы.

Құмырсқа:Жаннұр

Демалма, қозғалма,

Құйрық, құлақтарыңды жина.

Нұрәли Түлкі: Қоянды көрдіңдер ме?

Мен оны жоғалтып алдым.

Жүргізуші: Қорқақ қоянды олар,

Құтқаруға тырысады.

Жүргізуші: Саңырауқұлақты айнала,

Әрі, бері қарады.

Таппаған соң қоянды,

Кетті орманға шаттана.

Жүргізуші: Білдірді қоян алғысын,

Достарына мақтана.

Жарқырайды айнала,

Сайрады құстар ән сала.

Көрінді күннің шуағы,

Бетімізді аймала.

Таңданып қап құмырсқа,

Бұлай деді ойлана.

Құмырсқа:Жаннұр Түсінбедім, ештеңе.

Саңырауқұлаққа кішкентай

Қалай сыйды бәрі де.

Жүргізуші: Қиындықта қолдайтын,

Жамандықтан қорғайтын.

Қуанышты бөлісер,

Барлығына дос керек. (барлығы бірге)

Жүргізуші: Ерте, ерте, ертеде,

Ертегі сыр шертеді.

Ертеңгіден басталар,

Еліміздің ертеңі.







«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі:

Г.Жусупова



«Аналар-асыл жандар!»



«Ақжелкен» ересек топ

Тәрбиешілер: Сермаханова F

Ахметова А

2025-2026 оқу жылы

Бүтін Наурыздың сегізі
Сұлулықтың егізі
Әдемі сөз адамның
Анаға айтар лебізі.

Ислам:
Құшағыңа кіргенде,
Жылынамын бір демде.
Не жетеді көзіңе
Мейірімді күннен де!

Абдул-Азиз:
Ана- біздің күніміз,
Ананың біз гүліміз.
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз!

Мүсілім:
Келді көктем күнің,
Күлімдейді гүлің
Алтын ойлы анам ,
Мерекеңіз бүгін !

Көзайым:
Мен анамды жақсы көрем ,
Айтқан тілін алып жүремін.
Қасымда анам жүргенде ,
Шаттанып – ойнап күлемін !

Сабыржан:
Түнде шошып оянған,
Түн ұйқысын төр бөліп,
Түнде бесік таянған
Аялы қолды анажан

Жүргізуші:
Нариман: Ислам, Ислам! Мында құдаша қыздар келіпті. Биге шақырайық!
Ислам: Кеттік, кеттік құдашалармен билейік!
«Құдаша» биі Билейтіндер: Ислам, Ахмет, Нариман, Әлімжан, Абдул-Азиз,
Сабыржан, Расул.
Айсезім, Ясина, Жасмин, Сезім, Айша, Жаннұр, Көзайым
Жүргізуші: Келесі кезекте балаларымыздың тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Нұрәли: Ана деген не деген
Ақ тілеулі жан еді.
Алғысын алып оның мен
Өсе бергім келеді.

Ясина:

Еркелеймін, шаттанам,
Жарқын күлкің- бақ маған.
Ақ бетіңнен сүйемін,
Келші, келші, ақ анам.

Санжар:

Өзің мені өсірген,
Айналайын, ақ әжем.
Тентек болсам кешірген
Шөлдедің бе, дана әжем?

Жүргізуші: Келкесі кезекте «Әжетайым» әні
Орындайтындар: Бисенбаева Жаннұр, Қолғанат Сезім
5 □ «Әжемнің сандығы» көрініс
Балалар ескі заттарды (үтік, орамал, кассета) көрсетіп, олардың не екенін
табу ойыны.

Айсезім:

Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам.
Құшағында қысылмай

Айша:

Еркелесем күнім дейтін
Ұрысканы білінбейтін
Маңдайымнан искеп менің
Құлыншағым күнім дейтін.

Нұрдаулет:

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз
Бізді ана қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Жасмин:

Ақ гүлдер мен көк гүлдер,
Хош істі көп гүлдер
Анамызға сыйлайтын
Құшақ толы бак гүлдер!

Жүргізуші:

Ислам: Нариман, қыздарға арналған әнімізді айтып жіберейік.

Нариман: Әрине айтамыз! Сыйлығымызды да берейік!

«Қыздар-ай» Орындайтын бір топ жігіттер.

Тақлақтар:

Әлімжан:

Құрт пен майын жинаған
Балаларға сыйлаған.
Бұл әжемнің өмірі-
Таусылмайтын жыр маған.

Расул:

Әжем менің әйбат.
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап,
Жанымнан бір кетпейді.

Бектен:

Болсын дейді балалар
Бакытты өмір, береке
Әжелер мен аналар
Құтты болсын мереке

Арсен:

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

«Жетіген» ансамблі Орындайтындар: бір топ қыздар

Тақлақтар: Сезім:

дай қайнатып келейін,
шекер салып жан әжем.
Өзім құйып берейін,
Балдай тәтті жан әжем.

Ахмет:Бөбегіңнің сыңлығын,
Қабыл алшы анашым.
Ұзақ өмір жүр жасап.
Ауырманы анашым.,

Нариман:
Өр сөзінді жаттаған,
Жүрегіңде сақтаған.
Анашым деп мақтанам.
Айналайын ақ маман

«Әжетай» бір топ қыздар.

«Күлпаш» биі Билейтіндер: Бектен, Санжар, Темірлан, Арсен, Мүсілім,
Нұрдаулет, Айсезім, Яенна, Жасмин, Сөзім, Альбина, Қолайым
Хор «Анашым» папурри

Жүргізуші: Иә, жастық шағымыз өсімізге түсіп, бір жасарып, марқайып
қалдық-ау. Олай болса, қазіргі биді билеп көрейік.

«Тик-ток тренд би

Жүргізуші: Ана – жұмақ, мен – шуақ, саябағы,

Ана – шырақ, мен – мен сұрақ санадағы.

Ана – теңіз, мен – кайық тербетілген,

Ана – бұлақ, мен – құрақ жағадағы.

Құрметті қонақтар, ата-аналар осымен «Ақжелкен» ересек тобының
ертеңділігі өз мәресіне жетті. Сау болыңыздар!

6 □ Жорытынды

«Кеше мен бүгін – бір-бірімен жалғасқан алтын көпір»

Барлық бала мен ата-ана бірге «Достық» биін билейді.





№1 «Ақерке» бөбек жеті-балабақшасының

меңгерушісі: Г.Жусупова



“Айдар кесу” рәсімі

“Ақжелкен” ересек тобы

Тәрбиеші: Ахметова А

2025-2026 оқу жылы

қырыбы: «Айдар кесу рәсімі

жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, тәрбиешілер және балалар! Бүгін біз ерекше әрі маңызды күннің куәсі болмақпыз. Себебі, бүгін біздің сүйікті баламыздың айдары алғаш рет кесілгелі отыр! Бұл рәсім баланың өсуін, дамуын, жаңа өмір кезеңіне қадам басқанын білдіреді. (Музыка басталады, балалар шеңбер құрып отырады.) Қонаққа нағашылары келеді. Әжесі шашу шашып қарсы алады. Келген қонақтарды үстел басына жайғастырады.

Әжесінің сөзі: Құрметті қонақтар, тәрбиешілер, балалар! Бүгін менің сүйікті немерем Шәкіраттың айдар шашын нағашыларына кестіргелі отырмыз. Бұл — баланың өсіп, жаңа кезеңге қадам басқанын білдіретін ерекше сәт. Мұндай күн әр әже үшін үлкен қуаныш, үлкен мақтаныш. Бала өміріндегі ең алғашқы қадамы — ол анасының, әжесінің, барлық жақындарының қолдауы мен сүйіспеншілігімен өтетін жол. (Баласына қарап)

Әжесінің сөзі: Менің сүйікті немерем, сен менің жүрегімнің жұлдызысың! Сенің күлкің менің өмірімнің жарығы, ал сенің қадамың — менің бақыттым! Бүгін сенің айдарың қырқылады, бірақ сенің жүрегің мен жаның ешқашан балауса күйінде, таза әрі мейірімді болып қалсын! Өсіп, үлкен адам бол! Сенің әрбір күнің бақытқа толы, денің сау, жолың ашық болсын!

Балалық шағыңды шаттықпен, қуанышпен өткізсін. Осы сәтті ешқашан ұмытпа қарағым!

Айдар кесу рәсімін жасалады. Екі жақ бір біріне кәде қауметін жасайды.

Әжелер бата береді

Жүргізуші: әже немеренезге арналған әніңіз боса бір шырқап жібермедікпе

Әженің әні:

Жүргізуші: Біздің Шәкірат баламыздың Айдар кесу тойына арнайы шақыртылған бишілеріміздің биін тамашалайық.

Би: «Асатаяқ» Н.Раяна, Зере, Ө.Айзере, Амина, Жібек, Көзайым.

Тақпақтар

Жүргізуші: тойымызға айтыскер ақындарымызды шақырған болатынбыз. Олай болса айтыскер ақындарымызды ортаға шақырайық

Айтыс: Жібек пен Нұрали

Айтыс: Раяна мен С.Әлинұр

Айтыс: Жібек пен Нариман

Жүргізуші :

Келесі біздің ару қыздарымыздың орындауындағы әсем биді тамашалаңыздар.

Би: «Қамажай» биі Азима, Ы. Айзере, Шырайлым, Х.Раяна, Айым, Жаннұр

Жүргізуші: Ал енді, біздің сері жігіттердің батырлар биін тамашалаңыздар.

Би: «Батырлар» 11 ұл бейлейді.

Жүргізуші:
Аттық ойындар
балаларымыздың күштерін сынап көрейік.

1. Гр көтеру.
2. Қол күрес.
3. Арқан тартыс.

Хор: «Наурыз»

Жүргізуші:

Қашанда құт – береке орнасын деп,

Тойларда шашу шашу - салты елімнің.

Уа, халайық! Теріп ал несібінді,

Қабыл болсын, жамағат, ақ тілеуің! Осымен, Наурыз тойымыз аяқталды. Қош, сау
болыңыздар!





«Бөлігімің»
№1 «Ақерке» дәрекжасы-балабақшасының
меңгерушісі  Г.Жусупова



Баяндама
Тақырыбы: “Баланың танымдық
қабілетін дамытудағы
педагогтың рөлі”

“Ақжелкен” ересек тобы

Тәрбиеші: Ахметова А

2025-2026 оқу жылы

Ахметова Анар Матыгуловна

Лауазымы: Тәрбиеші

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасы.

Тақырыбы: «Баланың танымдық қабілетін дамытудағы педагогтың рөлі»

Кіріспе

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру жүйесі қоғамдағы өзгерістерге сай жаңарып, жаңа педагогикалық тәсілдер мен әдістерді қажет етеді. Балабақша – баланың алғашқы білім ошағы, ал тәрбиеші – баланың алғашқы ұстазы, жетекшісі. Заманауи педагогтың рөлі тек оқытушы ғана емес, баланың жан-жақты дамуына бағыт беретін тәрбиеші, психолог, шығармашылық жетекші, зерттеуші және отбасы мен балабақша арасындағы байланыстырушы тұлға ретінде көрінеді. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған білім беру әдістері тек қана білім мен дағды беруді емес, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын, эмоционалдық интеллектін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Заманауи педагогтың негізгі міндеттері:

Заманауи педагог – тек дәстүрлі білім беру әдістерін қолданушы ғана емес, ол үнемі ізденіс үстінде жүретін жаңашыл маман. Оның басты міндеттері:

- Баланың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке көзқараспен оқыту мен тәрбиелеу.
 - Әрбір баланың қызығушылығын анықтап, шығармашылық әлеуетін ашу.
 - Балаға өз бетінше шешім қабылдауға, ойын еркін білдіруге мүмкіндік беру.
 - Балалардың танымдық қызығушылығын дамыту үшін түрлі инновациялық әдістерді қолдану.
 - Баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектесу.
 - Ата-аналармен бірлесе отырып, баланы тәрбиелеу мен дамыту мәселелерін шешу.
- Заманауи педагог оқу-тәрбие үдерісінде тек мұғалім емес, сонымен қатар жетекші, кеңесші және серіктес болуы тиіс.

Баланың үйлесімді дамуы үшін заманауи педагог төмендегі негізгі бағыттарға көңіл бөлуі қажет:

Танымдық дамуға әсері — балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтауын, зейінін және танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында ойын түрінде білім беру маңызды.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Баланың қиялы мен шығармашылық ойлауын дамыту үшін:



Музыка, бейнелеу өнері, театрландырылған ойындар ұйымдастырылады.

Балаларды ертегілер мен әңгімелер ойлап табуға ынталандыру арқылы қиялдары дамытылады.

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру

Баланың қоғамға бейімделуі және қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін жұмыстар жүргізіліп, балалар арасында ынтымақтастыққа баулу жүзеге асырылады.

Физикалық белсенділікті дамыту

Денсаулық – баланың толыққанды дамуының негізі. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүргізіу, табиғат аясында серуендеу мен дене шынықтыру жаттығулары ұйымдастырылады.

Заманауи білім беру технологияларын қолдану — бүгінгі таңда инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар баланың танымдық және шығармашылық дамуына зор ықпал етеді. Заманауи педагогтың міндеті – осы құралдарды тиімді пайдалану.

Ойын технологиялары — мектепке дейінгі балалар ойын арқылы білім алады. Ойын түрінде ұйымдастырылған сабақтар балалардың оқу материалын оңай қабылдауына көмектеседі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) — балабақшада интерактивті тақталар, мультимедиялық материалдар, анимациялық бағдарламалар кеңінен қолданылады.

ТРИЗ технологиясы (Шығармашылық тапсырмаларды шешу теориясы) – баланың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған әдіс.

STEAM әдістемесі — бұл әдіс ғылым, технология, өнер және математика салаларын біріктіріп, балалардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

Ата-аналармен ынтымақтастық – табысты тәрбиенің кепілі

Ата-ана мен педагогтың серіктестігі – баланың тәрбиесі мен дамуының ең маңызды аспектілерінің бірі. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы байланыс мыналарды қамтиды:

- Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру.
- Ашық сабақтар мен мерекелік шараларды бірлесіп ұйымдастыру.
- Баланың дамуы туралы кері байланыс беру.
- Отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша тренингтер өткізу.

Балабақша мен отбасы арасында берік байланыс орнаса, баланың дамуы жан-жақты жүзеге асады.

Қорытынды

Заманауи педагог – бұл жай ғана білім беруші емес, ол балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытушы, олардың өмірге деген қызығушылығын арттырушы және қоғамға бейімдеуші тұлға. Бүгінгі педагогтың басты мақсаты – болашақ ұрпақты шығармашыл, ойшыл, жауапкершілігі жоғары, еркін тұлға етіп қалыптастыру. Бұл міндетті орындау үшін педагог үнемі өзін-өзі дамытып, жаңашылдыққа ұмтылуы тиіс. Тек осылайша біз балаларға жарқын болашақ сыйлай аламыз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Көшімбетова С. *Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері.* – Алматы: Білім, 2008.
2. В.С.Кукушкин. *Педагогикалық технологиялар*
3. Меңжанова А. *«Мектеп жасына дейінгі балаларжы көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу/ методикалық құрал/*
4. Макенова Ж. Б., Нургалиева Н. Н. *Балабақша мен отбасы қарым-қатынасының замануи мәселелері*



№1 «Ақерке» бөбекжай-балалық бағдарламасының

меңгерушісі: Т. Жусупова



«Батыр болғым келеді!»



«Ақжол» ересек тобы

Тәрбиешілер: Сермаханова F

Ахметова А

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Батыр болғым келеді!»

Мақсаты: Балаларға Отанын сүйуге, батырларды құрметтеуге, ерлікке баулу. Әкелерге, аға-інілерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

«Әнұран» орындалады.

1. Жүргізуші:

– Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар мен балалар! Бүгін біз Отан қорғаушылар күнін – ер азаматтардың мерекесін атап өтеміз. Бұл – батырлық пен ерліктің, ер жігіттің мерекесі!

2. Балалар хормен:

– Отан үшін от кешкен,

Ерлеріміз ел дескен.

Қаһармандар – ардақты,

Ұмытпаймыз әрқашан!

Хор: «Отаным»

Ән: «Елімнің ертеңгі иесі біз»

Орындайтын: Еркін Ясина

3. Тақпақтар (бірнеше бала шығып, кезекпен):

Нариман:

Мен де ер жеткенде,

Батыр болам елге.

Айша:

Әкем менің – қорғаушым,

Ерлігімен мақтанам!

Сезім:

Отан деген – асыл сөз,

Қорғаймыз біз әрқашан!

4. Ән:

Балалар орындайды: «Менің әкем – ең батыр» немесе «Отаным» әні.

5. Шағын көрініс:

«Батыр болғым келеді» атты сахналық көрініс. Бір бала әскер киімін киіп, ел қорғағысы келетінін айтады. Қалғандары оны қолдайды.

6. Ойындар:

«Сарбаздар жарысы» (балақандар белдерінде резинка екі жаққа созылып асықтарды жылдамдықпен жинау керек)

Би: «Десанттар» Бір топ жігіттер билейді

Би: «Солдат қыздар» Бір топ қыздар

Хор: «Рух»

7. Жүргізуші:

– Болашақта сендер де Отанды қорғайтын нағыз батыр боласыздар!

Біз өз Отанымызды – Қазақстанды жақсы көреміз, қорғаймыз!

8. Қорытынды ән:

Барлық балалар бірігіп: «Қазақстаным» әнін шырқайды.

«Бекітемін»

№1 «Ақерке» балалық-бағалықшасының
меңгерушісі: Г. Жусупова



«Ынтымағы жарасқан Қазақстан!»



«Ақжелкен» ересек топ

Тәрбиешілер: Сермаханова Г
Ахметова А

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Ынтымағы жарасқан Қазақстан!»

Мақсаты: Балаларға достық туралы түсініктерін жетілдіру және басқа ұлттармен қарым-қатынасты нығайту. Сыйластық, ынтымақтастық туралы түсінік беру. Тақпақ, өлең арқылы, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін, адамгершілік құндылықтарын дамыту. Отанын сүйуге, достыққа, адамгершілікке, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Әр ұлттың киім үлгілері және ұнтаспа, тақия, арқан, домбыра, шарлар, биітшілік құсы, көгершіннің суреті.

Зал шарлармен безендірілген. Балалар залға әдемі әуенмен кіреді.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, бүлдіршіндер! 1-Мамыр – Қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігі мерекесі құтты болсын!

Бүгінгі күн ерекше, өйткені 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Халықтар достығы» атты ертеңгілік өткізіліп жатыр.

Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған.

«Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз.

Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Олай болса мерекемізді ән ұранымызбен бастайық.

Ән ұран.

Жүргізуші: Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Балалар: Достық. Бірлік. Ынтымақтастық мерекесі.

Жүргізуші: Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Ал біздің ел ордамыз қалай аталады?

Балалар: Нұрсұлтан.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, балалар сендер білесіндер ме, біздің елімізде өзге ұлт өкілдері де тұрады. Олар орыс, татар, өзбек, кәріс, испан, үнді.

Слайд арқылы әңгімелеу.

Жүргізуші: Ендеше балалар осы мерекеге арналған тақпақтарымызды айтайық.

Тақпақтар:

Айша: Празник дружбы и весны.

Кто живет на свете,

Мира желая,

Вместе с нами встретит.

Көзайым: Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Тыныштық сақтаймыз,

Атсын күліп танымыз!

Сезім: Мамырдың бірі,

ұлттар,

Достық күні.

Ән салып,

Билеген халықтың үні.

Ясина: Тұтасып, тойлаған

Керемет мереке,

Мамырдың бірі.

Жаннұр:

Ақпыз, кара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.

Жүргізуші: Бүгін қызық бүгін той,

Біздер үшін біліп қой.

Ән де салып, би билеп,

Жалғастырсын ойды- ой. – деп ендігі кезегімізді өзбек ұлтынан келген биші қызымыздың өнерін тамашалаймыз.

Би: «Өзбек» биі

Жүргізуші: Ал енді балалар Өзбек ұлтының «Тақия алмақ» ойынын ойнайық.

Ойын: «Тақия алмақ»

Жүргізуші: Бәрекелді балалар, ендігі кезегімізді Испан елінен келген қонағымызға берейік. Ортаға Испан бишісін шақырамыз.

Би: «Испан» биі

Жүргізуші: Мерекені әрі қарай жалғастырып, балалардың Достық туралы тақпақтарға кезек берейік.

Нұрәли: Достық – шырағымыз
Достық – ұранымыз.

Бектен: Достық туымыз,
Достық әніміз.

Әлімжан: Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.

Нариман: Тілегіміз әділдік!
Ашық болсын кең аспан!

Расул: Бибітшілік ұраны
Жарқыраған алтын күн.

Жүргізуші: Балалар бізге орыс ұлтының қонақтары өнерін көрсетемін деп отыр. Ендеше қонағымызды шақырайық.

Би: «Орыс» биі

Жүргізуші: Балалар біздің қонақтарымыз шеттерінен өнерлі екен. Енді Үнді, Кәріс ұлтының биін тамашалайық.

Би: «Үнді » биі.

Би: «Кәріс » биі.

Жүргізуші: Балалар сендер қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

Балалар: Асық ату, орамал тастамақ, арқан тарту, сақина салу, қыз қуу.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар, қонақтарымызбен біргелесіп арқан тартыспақ ойынның ойнайық.

Ойын: «Арқан тарту»

Жаннұр:

Ақпыз, кара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.

Жүргізуші: Бүгін қызық бүгін той,

Біздер үшін білін қой.

Ән де салып, би билеп,

Жалғастырсын ойды- ой. – деп ендігі кезегімізді өзбек ұлтынан келген биші қызымыздың өнерін тамашалаймыз.

Би: «Өзбек» биі

Жүргізуші: Ал енді балалар Өзбек ұлтының «Такия алмак» ойынын ойнайық.

Ойын: «Такия алмак»

Жүргізуші: Бәрекелді балалар, ендігі кезегімізді Испан елінен келген қонағымызға берейік. Ортаға Испан бишісін шақырамыз.

Би: «Испан» биі

Жүргізуші: Мерекені әрі қарай жалғастырып, балалардың Достық туралы тақпақтарға кезек берейік.

Нұрәли: Достық – шырағымыз
Достық – ұранымыз.

Бектен: Достық туымыз,
Достық әніміз.

Әлімжан: Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.

Нариман: Тілегіміз әділдік!
Ашық болсын кең аспан!

Расул: Бибітшілік ұраны
Жарқыраған алтын күн.

Жүргізуші: Балалар бізге орыс ұлтының қонақтары өнерін көрсетемін деп отыр. Ендеше қонағымызды шақырайық.

Би: «Орыс» биі

Жүргізуші: Балалар біздің қонақтарымыз шеттерінен өнерлі екен. Енді Үнді, Кәріс ұлтының биін тамашалайық.

Би: «Үнді » биі.

Би: «Кәріс » биі.

Жүргізуші: Балалар сендер қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

Балалар: Асық ату, орамал тастамақ, арқан тарту, сакина салу, қыз қуу.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар, қонақтарымызбен біргелесіп арқан тартыспақ ойынның ойнайық.

Ойын: «Арқан тарту»

Жүргізуші: Бізде неше түрлі ұлттың қонақтары билеп жатыр, балалар өзіміздің қазақ ұлтымыздың өнерінде қонақтарымызға көрсетейік.

Биші десе билейді

Аяқтары бір жерге тимейді.

Ортада шаттық көңілмен,

Қазақ қыздары би билейді .

Би: «Қазақ» биі

Жүргізуші: Құрметті қонақтар біздің мерекеге келген қонақтарымыз өздерінің мерекелік тағамдарында ала кепті. Ендеше әр ұлт өз тағамдарын таныстырып өтсін.

Ұлт өкілдері шығып таныстырады.

Жүргізуші:

Бойымда әні бұлақ жатыр бұрқырап,

Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап.

Тілейтінім барша жұртқа бір ғана,

Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ. –дей отырып бүгінгі
мерекемізді «Балдырған » әнімен аяқтаймыз.

Ән: «Балдырған»
Жүргізуші: Құрметті қонақтар осымен «Халықтар достығы» атты ертеңгілігіміз осымен аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет. Тағыда мерекелеріңіз құтты болсын.



«Бекітемін»
№1 «Ақерке» Бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі *Е.Жусупова*



«Батыр болғым келеді!»



«Ақжелкен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Сермаханова Г

Ахметова А

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Батыр болғым келеді!»

Мақсаты: Балаларға Отанын сүйге, батырларды құрметтеуге, ерлікке баулу. Әкелерге, аға-інілерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

«Әнұран» орындалады.

1. Жүргізуші:

– Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар мен балалар! Бүгін біз Отан қорғаушылар күнін – ер азаматтардың мерекесін атап өтеміз. Бұл – батырлық пен ерліктің, ер жігіттің мерекесі!

2. Балалар хормен:

– Отан үшін от кешкен,

Ерлеріміз ел дескен.

Қаһармандар – ардақты,

Ұмытпаймыз әрқашан!

Хор: «Отаным»

Ән: «Елімнің ертеңгі иесі біз»

Орындайтын: Еркін Ясина

3. Тақпақтар (бірнеше бала шығып, кезекпен):

Нариман:

Мен де ер жеткенде,

Батыр болам елге.

Айша:

Әкем менің – қорғаушым,

Ерлігімен мақтанам!

Сезім:

Отан деген – асыл сөз,

Қорғаймыз біз әрқашан!

4. Ән:

Балалар орындайды: «Менің әкем – ең батыр» немесе «Отаным» әні.

5. Шағын көрініс:

«Батыр болғым келеді» атты сахналық көрініс. Бір бала әскер киімін киіп, ел қорғағысы келетінін айтады. Қалғандары оны қолдайды.

6. Ойындар:

«Сарбаздар жарысы» (балақандар белдерінде резинка екі жаққа созылып асықтарды жылдамдықпен жинау керек)

Би: «Десанттар» Бір топ жігіттер билейді

Би: «Солдат қыздар» Бір топ қыздар

Хор: «Рух»

7. Жүргізуші:

– Болашақта сендер де Отанды қорғайтын нағыз батыр боласыздар!

Біз өз Отанымызды – Қазақстанды жақсы көреміз, қорғаймыз!

8. Қорытынды ән:

Барлық балалар бірігіп: «Қазақстаным» әнін шырқайды.

